

Шаруашылықтардың өсімдік қорғау құралдарын импорт бойынша сатып алуына жағдай жасау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1994 жылғы 25 сәуір N 1681.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677
Жарлығымен. ~U010677

Республикаға өсімдік қорғау құралдарының 1994 жылы және одан кейінгі жылдары орталықтандырылған импорттық берілуін тұрақты түрде қамтамасыз ету және олар үшін шет ел фирмаларымен астықты экспорттау есебінен есеп айырысу мақсатында қаулы етемін:

1. "Құнарлылық" мемлекеттік акционерлік компаниясының астықты кейіннен сатудан алынатын түсім есебінен консигнациялық негізде төлем жасай отырып Қазақстанға өсімдік қорғау құралдарын беру жөнінде шет ел фирмаларымен жасасқан уағдаластықтары мақұлдансын.

2. "Астық" және "Құнарлық" мемлекеттік акционерлік компаниялары өсімдік қорғау құралдарын сатып алу жөніндегі консигнация шарттарын орындау тәртібімен совхоздар, колхоздар, басқа шаруашылықтар мен астық қабылдау кәсіпорындарының арасында аталған өсімдік қорғау құралдарына шаруашылықтар өтінім берген құнға тең көлемде экспорттық шепке жеткізілген астық сатуға шарттар жасауды ұйымдастырсын.

3. Тұтынушылардың алынатын өсімдік қорғау құралдарын әлемдік бағамен сатып алатынын ескере отырып және олардың құнының, осы мақсаттар үшін сатылатын астықтың балансының өзгеруіне жол бермеу мақсатында, ерекше жағдай ретінде, "Қазақэкспортастық" мемлекеттік-

акционерлік қоғамы осындай астықты сатудан алынған валюталық түсімді міндетті түрде 50 процентке сатудан, сондай-ақ оған экспорттық кедендік салық төлеуден босатылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Алматы. 1994 ж. 25 сәуір
N 1681

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК